**Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Әзербайжан Республикасына 2000 жылғы 7-8 сәуірдегі ресми сапарының барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 6 маусым N 861

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Әзербайжан Республикасына 2000 жылғы 7-8 сәуірдегі ресми сапарының барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары, өзге де мемлекеттік органдары (келісім бойынша) және мүдделі ұйымдар (келісім бойынша) Жоспарда көзделген іс-шараларды іске асыру жөнінде нақты шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі кемінде жарты жылда бір рет Жоспардың орындалу барысы туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етіп отырсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 6 маусымдағы
N 861 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың
Әзербайжан Республикасына 2000 жылғы 7-8 сәуірдегі ресми
сапарының барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру
жөніндегі іс-шаралардың
Жоспары

-----------------------------------------------------------------------

N ! Іс-шара ! Орындау !Орындалуы үшін жауаптылар

| р/с | | мерзімі | |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | Мынадай құжаттардың күшіне енуі жөніндегі қажетті мемлекетішілік рәсімдерді жүргізу: | | |
| | Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзербайжан Республикасы Үкіметінің арасындағы жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагог кадрларды аттестаттау саласындағы ынтымақтастық туралы келісім | 2000 жылдың III тоқсаны | Білім және ғылым министрлігі |
| | Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі мен Әзербайжан Республикасы Мемлекеттік кеден комитетінің арасындағы ынтымақтастық және кедендік құжаттар мен кедендік қамтамасыз етулерді өзара тану туралы келісім | -//- | Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті |
| | Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі мен Әзербайжан Республикасы Мемлекеттік кеден комитетінің арасындағы контрабандаға және кеден ережелерінің бұзылуына, сондай-ақ қару-жарақтардың, оқ-дәрілердің, жарылғыш заттардың, есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісім | 2000 жылдың III тоқсаны | Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті |
| | Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі мен Әзербайжан Республикасы Мемлекеттік кеден | -//- | Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті |

| | | |
|---|---|---|
| комитетінің арасындағы шекара арқылы заңсыз өткізілетін мәдени құндылықтарды ұстау және қайтару мәселелері жөніндегі ынтымақтастық пен өзара көмек туралы келісім | | |

2 Мынадай құжаттарды қол қоюға әзірлеу:

| | | |
|---|---|---|
| Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзербайжан Республикасы Үкіметінің арасындағы 1992-1993 жылдардағы (корреспонденттік шоттарға өткенге дейінгі және одан кейінгі) сауда-экономикалық қатынастардың нәтижесінде пайда болған берешектерді Әзербайжан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік несиесіне қайта ресімдеу туралы келісім | 2000 жылдың қазаны | Ұлттық Банк (келісім бойынша), Қаржы министрлігі |
| Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзербайжан Республикасы Үкіметінің арасындағы экология және қоршаған табиғи ортаны қорғау саласындағы ақпараттық ынтымақтастық туралы келісім | -//- | Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі |
| Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзербайжан Республикасы Үкіметінің арасындағы үкіметтік байланыс саласындағы ынтымақтастық туралы келісім | -//- | Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) |
| Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзербайжан Республикасы Үкіметінің арасындағы ғылыми-техникалық ынтымақтастық туралы келісім | 2000 жылдың қазаны | Білім және ғылым министрлігі, Ұлттық ғылым академиясы (келісім бойынша) |
| Қазақстан Республикасының Үкіметі | -//- | Мәдениет, ақпарат |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | мен Әзербайжан Республикасы Үкіметінің арасындағы Мәдениет, ғылым және туризм саласындағы ынтымақтастықтың ұзақ мерзімді бағдарламасы | | және қоғамдық келісім министрлігі (жиынтық), Білім және ғылым министрлігі, Туризм және спорт жөніндегі агенттік, Ұлттық ғылым академиясы (келісім бойынша) |
| 3 | Сауда-экономиикалық ынтымақтастық | | |
| | Қазақстан Республикасы мен Әзербайжан Республикасының арасындағы экономикалық ынтымақтастық бағдарламасын (1999 жылдың 22 қазанындағы) іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар ету | 2000 жылдың қыркүйегі | Сыртқы істер министрлігі (шақыру), Мемлекеттік кіріс министрлігі, Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Білім және ғылым министрлігі, Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Көлік және коммуникациялар министрлігі, Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, Қаржы министрлігі, Әділет министрлігі, Ұлттық Банк (келісім бойынша), |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | Инвестициялар жөніндегі агенттік, Туризм және спорт жөніндегі агенттік, "Қазақстан теміржолы" РМК, "ҚазТрансОйл" ЖАҚ, "Қазақойл" ҰМК" ЖАҚ |
| | Қазақстан-әзербайжан сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі комиссияның шеңберінде тиісті жағдайлар, бірінші кезекте көліктік инфрақұрылымдар, тарифтік саясат саласында, жасау жолымен тауар айналымын ұлғайту (жылына 100 млн. долларға дейін) жөніндегі мүмкіндіктерді қарауды қамтамасыз ету | 2000 жылдың қазаны | Қазақстан-әзербай. жан сауда-экономи. калық ынтымақтастық жөніндегі комиссия. ның қазақстандық бөлігінің тең төрағасы, Сыртқы істер министрлігі |
| 4 | Мұнай-газ кешеніндегі ынтымақтастық Қазақстанның мұнайын бар бағыттармен Ақтау портынан BP Amoko "Сангачалы" компаниясының терминалы арқылы Супса немесе Новороссийск портына дейін тасымалдауға арналған тарифтерге салыстырмалы талдау жүргізу | -//- | Көлік және коммуникациялар министрлігі, Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, "ҚазТрансОйл" ЖАҚ, "Қазақойл" ҰМК" ЖАҚ |
| 5 | Көлік саласындағы ынтымақтастық | | |
| | Ақтау портында жүк ағынын ұлғайту және кіреберіс теміржол учаскесінің (17 км) мәртебесін белгілеу мәселелерін пысықтауды жеделдету | 2000 жылдың IV тоқсаны | Көлік және коммуникациялар министрлігі, Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті |
| | Әзербайжан Республикасының Қазақстан Республикасына мемлекеттік қарызын өтеуінің есебінен (шаруашылық жүргізу субъектілерінің қарыздары сомасынан) танкерлер сатып алудың мүмкіндіктерін қарастыру | 2000 жылдың III тоқсаны | Көлік және коммуникациялар министрлігі, Қаржы министрлігі, Сыртқы істер министрлігі, Ұлттық Банк (келісім бойынша), "ҚазТрансОйл" ЖАҚ |
| | Қазақстан Республикасының мүддесін ескере отырып Әзербайжан Республикасымен "Европа-Кавказ-Азия көлік дәлізі" (TRACECA), "Европаға мұнай мен газ тасымалдаудың халықаралық жүйесі" (INOGATE), "Азия-Европааралық талшықты-оптикалық байланыстар желісі", Баку-Джейхан құбыр желісі бағдарламаларының, басқа да балама бағыттардың және мүмкіндіктердің шеңберінде ынтымақтастықты жалғастыру | ұдайы | Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, Көлік және коммуникациялар министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Сыртқы істер министрлігі, "Қазақойл" ҰМК" ЖАҚ |
| 6 | Түркі тілдес мемлекеттер басшыларының саммиті (ТЮРКСОЙ), ТЮРКСОЙ-дың Тұрақты Хатшылығы шеңберінде ынтымақтастықты жалғастыру | -//- | Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Білім және ғылым министрлігі, Сыртқы істер министрлігі |
| 7 | Екі жақты ынтымақтастық жөніндегі шарттық-құқықтық базаны түгендеуді жүргізу | 2000 жылдың IV тоқсаны | Сыртқы істер министрлігі |

Оқығандар:
Қасымбеков Б.А.
Орынбекова Д.Қ.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК